

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023**

**АДАМ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АТЕИСТІК ҰСТАНЫМ МЕН ДІНИ СЕНІМНІҢ  
КӨРІНІСІ****Шолан Әлібек Мұратұлы**[alibeksholan00@gmail.com](mailto:alibeksholan00@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Дінтану кафедрасының магистранты,  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі –Малғараева З.Б.

Атеистік ұстаным мен діни сенім адамның өмірдің мәніне қатынасын сипаттайтын дүниетанымның екі түрлі формасы. Атеизм құдайға тұлға ретіндегі сенімді жоққа шығару және өзге де құдайларды, тылсым күштерді, діндерге тиесілі тәнсіз тіршілік иелерін мойындамау. Діни көзқарас, бәріміз білетіндей, атеизмге қайшы. Бұл екі ұстанымның көріністері адамның дүниетанымына, құндылығына, мінез-құлқына және шешім қабылдауына әсер етеді деп айта аламыз.

Атеизмнің көптеген түрі бар және сол түрлеріне байланысты бірыңғай идеология немесе мінез-құлықтық шаблон жоқ. XVII ғасырға дейін бұл ұстаным адамзат тарихында аса айқын рөлге ие болды деп айта алмаймыз. Бұл дүниетанымның өрісі сол ғасырдан кейін, яғни ағарту кезеңінен бастап күшейіп, әсіресе жаратылыстануда неғұрлым ықпалды бола бастады.

К. Маркс «Атеизм құдайды мойындамаушылық бола отырып, осы мойындамау арқылы адамның болмысын түсіндіреді» деп айтқан [1]. Ол өз тұжырымын атеизм құдайдың бар екенін жоққа шығарып қана қоймайды, сонымен қатар адам табиғатын түсінудің негізгі қызметін атқарады деп түсіндірген. Ол құдайға сену – адамдарды өзінің шынайы болмысын түсінуге кедергі келтіретін идеологиялық ұйытудың бір түрі деп есептеді. Осы сияқты оның «дінді халықтың апиыны» деген сөздерін де білеміз. Ал орыс философы В.И. Несмелов атеизм туралы айта келе, оны тіпті адамның өміріндегі айрықша эмоциялық қатынасты білдіретін «психикалық ауытқу» есебіне қосқан. Сонымен қатар оның пікірінше, атеизмді «фактілерден шығатын көзқарас» деп тану қиын. Шынымен де, құдайды жоққа шығарудың (бар болуының да) жеткілікті рационалды негіздері жоқ. Құдайдың жоқ не бар екенін ешкім білмейді [1].

Француз неотомисі Жан Маритеннің тұжырымы бойынша, «абсолютті атеистер» мен «практикалық атеистерден» бөлек «псевдоатеистер» де бар. Олар құдайдың жоқ екенін айтып, шындығында оған бейсаналы түрде сенеді. Ғалымның көрсетілген пікірі біздің еліміздегі атеистердің көбісін сипаттап беретіндей. Себебі бұл жерде адамның дүниетанымына кәдімгі діни сенімнен бөлек діни қырлары бар мәдени-тарихи дәстүрдің де ықпалы бар. Сонымен қатар псевдоатеизмді атеизмнің мәнін білмеумен және кейбір түсініктердің шатасуымен байланыстыруға болады. Кейбір адамдар өздерін атеист деп атауы мүмкін, бірақ сонымен бірге діни қағидалар бойынша өмір сүре береді немесе табиғаттан тыс күштерге сенеді. Бірақ бұл Қазақстанда құдайға сенуден саналы түрде бас тартып, атеистік дүниетаныммен өмір сүретін нағыз атеистер жоқ дегенді білдірмейді. Сол сияқты «шын жүрегімен» атеизмді ұстанатын адамдар болмайды деген пікір кең таралған. Бұл пікір бойынша, «ұшақ апатында немесе жертаста атеистер жоқ», ал өлім ордасында құдайдың барына сеніп кетеді. Атеистер аталған тұжырыммен келіспей жатады.

Атеистік дүниетаным өзі сынап тұрған діни ілімге ұғымдық құрылымы мен ойлау тәсілі жағынан ұқсас. Мәселен, ислами көзқараста өсіп, кейін атеист болған адам дінді ислами қағидаларға сүйеніп сынайды, христиандық пен өзге діндерде де солай. Осы себепті «абстрактылы» немесе ойдан шығарылған бірегей атеизм жоқ. Кез келген атеизм нақты бір дінге

байлаулы және жағдайдың түрленуіне байланысты оған бейімделеді десек болады. Аталған факторға сүйене отырып, оны өзі сынап тұрған дінмен түйіндестіріп, мұсылмандық атеизм, христиандық атеизм, иудейлік атеизм және т.б. атаулармен түсіндірген дұрысырақ болады деген тұжырым шығара аламыз.

Адамдардың арасында саналы немесе стихиялық атеистер де кездеседі. Стихиялық атеистердің дүниетанымындағы атеизм қоғамның және өзін қоршап тұрған ортаның әсерінсіз орын алады. Яғни оның аталған ұстанымға келуіне бір өзі ғана саналы тұрғыда жауапты десек те болады. Сонымен қатар атеизм құдай болмысының бары не жоғы сұрағын ашық қалдыратын агностицизмнен де өзгешеленеді. Агностиктер мұндай жауабы жоқ сұрақтарды ұнатады. Дегенмен агностиктерді кейбір кезде «әлсіз немесе негативті атеистер» деп атеист қатарына жатқызып жатады (Э. Флю, М. Михаэл). Кейбір кезде атеист қатарына құдайға ғана сеніп, өзге тылсым дүниелерге сенбейтін деистерді де қосады. Сондай-ақ құдайды физикалық әлеммен теңдестіретін пантеистер де атеистердің қатарына еніп кетіп жатады. Жалпылай алғанда агностиктер, пантеисттер, деистер құдайды жоққа шығармаса да, дәстүрлі діни ілімдерді қабылдамайды, діни рәсімдерді ұстанбайды. Осыған байланысты кейбір адамдар оларды атеистермен бір дүниетанымда деп қателесуі мүмкін.

Атеистік ұстаным теистік сенімге құдайды мойындамағанынан ғана қарама-қарсы деген тұжырым да нақты емес. Өзін мұсылман, христиан немесе иудей санайтын діндар адамның барлығы теистік көзқарасты мойындай бермейді. Мұндай ерекшеліктің бірін теистердің дараланған құдайын пұт деп, оны жоғарғы, шексіз, кеңістік пен уақыттан тыс жаратылыс ретінде санаудан бас тартқан неміс лютеран шіркеуінің теологы П.Тиллихтің дүниетанымға байланысты тұжырымдарынан көре аламыз. Философтың айтуынша, құдай адамның ішінде мән мен негіз сияқты білінеді. Құдайдың болмысын рационалды түрде дәлелдеуге теистердің барлығы келісе бермейтіні белгілі. Олардың көбісі мұндай дәлелдемені мүмкін емес деп санайды. Дін адамдарының бірқатары шынайы сенімнің мәні сана емес, интуиция арқылы білінетін жасырылған, құпия және трансцендентті Құдай ғана бола алады деген пікірде. Одан кейін практикада құдайға назар аудармайтын адамдардың барлығын құдайды теория жүзінде де мойындамайтындар деп айта алмаймыз. Күнделікті өмірде сенушілер құдайды есіне түсіре бермейтін кездер болады, дегенмен оның бар екеніне ешбір күмән келтірмейді. Осылайша құдайды эмпирикалық түрде жоққа шығарады. Мұндай сенушілер атеист те емес (дегенмен оларды «практикалық атеистер» деп те атауымызға болар еді), агностик те емес, себебі құдайдың бар екеніне күмәнданбайды.

Атеизмнің қарама-қарсы түсінігі – мистицизм, яғни ұжымдық бейсаналық. Бұл ұғымға байланысты адамзат тарихында барлық этникалық қауымдастықта мистикалық сатыға деген сенім неліктен көрініс тапты деген сұрақ пайда болады. Оған жауап ретінде адамдардың басым көпшілігі ұжымдық бейсаналықтың немесе тоғышарлықтың иеленушілері болған және қазіргі күнге дейін бұл саналық сенім жалғасын тауып жатыр, ал мұның дүниетанымдық проекциясы мистицизмнің өзі [2].

Сондай-ақ ұғынуды үйрену сенуді үйренуге қарағанда жеңіл, сәйкесінше, атеист атану мистик атануға қарағанда оңай деген көзқарас кең таралған. Бала сөйлеуді меңгере салысымен тоғышарға, дәлірек айтсақ мистицизм иеленушісіне айналады. Алғашында мұндай мистицизм жоғарыда атап өткендей стихиялық, яғни ақыл мен ерікке бағыныңқы емес бейсаналы болып, кейін адамның есеюіне және оның дүниетанымдық эволюциясына қарай жүйеленеді. Мәселен, бір адам «Құдай жоқ» немесе «мен Құдайға сенбеймін» дейді. Біз оның осы айтылған сөздеріне сене салуымыз керек пе? Егер сене салсақ, өзіміз мистик болып шығамыз. Оған кем дегенде «Онда сен неге сенесің?», «Сенбеуіне не әсер етті?», «Атеистік ұстанымыңды қалай анықтайсың?», «Діни ұстанымдағы адамдарға көзқарасың қандай?» және осы сияқты басқа да рационалды сұрақтар қоюымыз керек. Бұл сұрақтарға нақты-нақты әрі мағыналы жауап берсе

біздің алдымызда атеист тұр деген сөз. Содан кейін ғана оның атеист не мистик екенін анықтауға мүмкіндік туады.

Тоғышарлардың барлығы мистик болып келеді. Әйтсе де олардың мистицизмі түрліше көрініс табады, яғни әлсіз немесе күшті психологиялық типке жатуына байланысты түрленеді. Әлсіз психологиялық типтің иеленушілері өздеріне тиімдірек қамқорлықты қажетсінеді. Осы себепті олар конформистік мистицизмге бейім. Ал күшті психологиялық типтілер өздері қамқорлық жасауға тырысады және мистицизмнің неконформистік түріне, яғни құдайкүресушілікке бейім болады. Құдайкүресушілік сананың емес еріктің көрінісі, сондықтан ол атеизмнің суррогат формасы болады. Құдайкүресушінің өз еркіне деген сенімі дәстүрлі мистикалық сатыға (Құдай) сенімінің орнын басады. Сол себепті индивидуалды деңгейде құдайкүресушілік дәрежесінің өзгеруі құдайкүресушінің еркінің күшеюіне не әлсіреуіне қарай орын алады [3].

Адамдардың «Атеизм деген Құдайдың жоқтығына сенім», «Ештеңеге сенбеймін деп ойлайтындар да бір нәрсеге сенеді», «Атеистер жоқ, барлығы сенушілер» деген тұжырымдарының атеизмді мойындамаушылық немесе мистицизмнің әмбебаптығы жайлы тезісі іс жүзінде танымның мүмкінсіздігін, яғни адамның гносеологиялық әлсіздігін көрсетеді және адамның бойындағы таным субъектісінің (философтың) жоқтығын білдіреді.

Ешбір адам сенімсіз (мистицизмсіз) өмір сүруге қабілеті жоқ. Бірақ бұдан бүкіл адам діндар (мистик) деген тұжырым шықпайды. Адамды діндар деп атауымыз үшін, оның дүниетанымында сенім бірінші сатыда тұруы тиіс. Сол сияқты, егер адамның ішкі дүниесінде сана үстемдік танытса, онда оның дүниетанымы өзінің бақылауында болады, оны саналы түрде меңгеріп басқара алады.

Атеизм тек философ (сана иесі, таным субъектісі) қол жеткізе алатын «сән-салтанат» десек те болады. Философ – ақылды, бірақ ақымақтың жауы емес, яғни философ – атеист, бірақ ол мистиктер (сенушілер) мен мистицизмнің, атап айтқанда діннің жауы емес. Егер атеист діннің жауы болса, онда ол – атеист емес, құдаймен күресуші [4].

Қорыта айтқанда, адамның дүниетанымында атеизм мен діни сенімнің үйлесуі мүмкін екенін көре аламыз. Бұл жағдайда осы екі ұстаным бір-бірімен әрекеттесіп, ерекше ойлау мен мінез-құлық парадигмасын қалыптастырады. Сонымен қатар батыстық ғалымдардың атеизмнің негізгі аспектілері және оның діни сеніммен байланысы, олардың адам дүниетанымындағы көрінісі мен өзара әрекетіне қатысты тұжырымдары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағаны белгілі болды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд. Т. 42
2. Пивоваров Д. В. Атеизм: понятие и виды // Вестник Уральского института экономики, управления и права. 2009. № 4. С. 93-102
3. Атеизм. А.Ю. Горбачев, 154 б
4. Атеизм // Философия хозяйства. – 2016. – №2 (104). – С. 152 – 157 б